

Бәйдібек ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2017 жылғы 9 ақпандағы № 12/70 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 ақпанда № 3984 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қазандағы № 57/341 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 28.10.2020 № 57/341 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген) сәйкес, Бәйдібек ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бәйдібек ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімге 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Бәйдібек ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімге 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы:
Аудандық мәслихат хатшысы:*

*Б.Ашрафи
М.Нахипбеков*

Бәйдібек ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық жинақталу нормасы, м ³
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,95 1,061
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері	1 орын	1
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,3992
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,275
6	Емханалар	1 адам	0,275
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,0
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,12
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	0,0001
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар	1 орын	0,2
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	-
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Ж о б а бойынша 1 орын	0,2
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,2
14	Азық-түлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м ²	1,23
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м ²	-
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	0,9091
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,974
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	-

19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	-
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,2
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,5
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	-
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,91
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,107
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,2
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,2
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,27
29	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,06
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау)	1 жұмыс орны	0,06
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,23
32	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1 0 0 0 қатысушы	-
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,0019

Бәйдібек аудандық мәслихатының
2017 жылғы 9 ақпандағы
№ 12/70 шешіміне 2 қосымша

Бәйдібек ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

--	--	--	--

№	Атауы	Есептік бірлік	Баға, теңгемен
1.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
1.1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 адам	112
1.2	Заңды тұлғалар	1 текше метр	3286
2.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған тарифтері		
2.1	Жеке тұлғалар	1 текше метр	201
		1 тонна	1005
2.2	Заңды тұлғалар	1 текше метр	260
		1 тонна	1300
3.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге арналған тарифтері		-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК